

«Ерейментау ауданы Білім
бөлімі» ММ басшысының:
м.а Керейбаев.М.Б.

**«Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ.
БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ: ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ
ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ НЕГІЗІНДЕ
2024-2025 оқу жылы**

Алғашқы қоңырау күні «Сыңғырла алғашқы қоңырау» салтанатты жиын тақырыбы: «Мектебім- мейірім мекені» өте жақсы өткізді. Оқушылар толық қатысты. «Ақдім-1» қамқорлық жетекшілер серіктестері оқушыларға өз құттықтауларын айтып, 1-сынып оқушыларына өз сыйлықтарын ұсынды. Алғысымыз шексіз!



2-қыркүйек «Менің Отаным Қазақстан» атты тәрбие сағаты өтті. Оқушыларды Отансүйгіштікке, патриоттық сезімдерін ояту мақсатында.



05.09.2024 Тілдер апталығына байланысты барлық сыныптармен көптеген іс-шара өтті. Б.Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай «Менің атым Қожа» қойылымын 4-сынып оқушылары өте тамаша қойды. Әр сынып бір ертегі, әңгімеге байланысты макет жасады және оны қорғады.



06.09.2024ж Асхананы бақылау жұмысы жүргізілді, тегін тамақтанатын оқушыларға тамақ ішу барысында өзін-өзі қалай ұстау керек екендігі туралы ережелермен таныстырылды:

- Тамақ ішіп отырып сөйлеспеу.
- Асықпай ақырын ішу.
- Ауызыңды толтырмай ақырын жеу.
- Өрқайсысының ауыз сүртетін орамалы болуын.



11-қыркүйек «Жолда жүру ережесін білесің бе?» атты сынып сағаттары өтті, «Қауіпсіз мектеп ортасы» акция бойынша балалар жарақатының алдын алу мақсатында 1-11 сынып оқушыларымен қызықты сайыстар өтті.




12-қыркүйек Отбасы күніне арналған іс-шаралар оқушыларды мейірімділікке, адамгершілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу мақсатында және өз отбасының абыройын асыру аясында отбасылық видеоролик жасалды.



Әр дүйсенбі сайын әнұран орындалады, оқушыларды
Отансүйгіштікке, патриоттық сезімдерін ояту мақсатында.



Күнде тәңертеңгі сағат 08.15. те таңғы жаттығу болады. Оқушылардың денесін шынықтырып, сымбатты болып өсу мақсатында. Оқушы сергек, көңіл күйі көтеріңкі болып жүреді. Жүргізуші кезекші сынып.



Мектеп директоры:



Сагинбаева Г.А.

Орындаған: ДТІЖО Боканова.А.С